№46 (1112)
19 қараша,
бейсенбі
2015 ЖЫЛ

Газет 19

ТҮРК

Біздің электронды пошта: turkestan_gazeta@mail.ru
Біздің сайт: www.turkystan.kz

ЖАҢҒЫРУҒА ЖОЛ АШАТЫН

Ақордадағы жиын инвестиция тартуда икемділік танытылуы қажет

4 жылғы қаңтардың 28-інен шыға бастады

КІСТАН

Халықаралық саяси апталық

ЖАҒДАЙ

екендігін нақтылады

Әсел ӘНУАРБЕК

Кеше Ақордаада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысы өтті. Кезекті отырыста еліміздегі өзекті мәселелер талқыға түсті.

«НҰР ОТАН» ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ, ПАРТИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫН ЖҮЙЕЛЕНДІРУДЕ

Ақордада Елбасы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаев партия Төрағасының Бірінші орынбасары А.Мырзахметовті қабылдаған болатын.

Кездесу барысында А.Мырзахметов Мемлекет басшысына партияның 2015 жылғы 8 тамыздағы Саяси Кеңесі Бюросында берілген тапсырмалардың орындалу барысын баяндады.

А... айтқанда, «Нұрлы Жол» бағдарламасына және

Бұхара және Навои облыстарында тұрады. Қазақтар тұтас аудан, ауыл болып шоғырланған. Мұндағы қазақтардың басты айырмашылығы – Өзбекстан аумағында қалып, ежелден осы аймақта тұрып, тамырын тереңге жіберген ұлт екендігі. Оның үстіне аймақтарда, елді мекендерде тығыз орналасуы балалардың өз

көрнекті ауыл ақсақалдары қатысты. Олар шараның жоғары дәрежеде өтуіне елеулі үлестерін қосты.

Насриддин Мухаммадиев басқосудың аса маңызды екенін айта отырып, сонау Қазақстаннан арнайы ат басын бұрып, Өзбекстан халқына сәлем жолдап келгеніне өзінің ризашылығын білдірді: «Ынтымағы мен бірлігі жа-

ғанын құлдырауы, бірқатар көршілес елдердегі тұрақсыздық біздің еліміздегі ахуалға да жағымсыз әсер еткендігін көрсетті. «Өйткені Президент атап өткендей, Қазақстан геосаяси шиеленістің эпицентріне жақын орналасқан. Мемлекет басшысы жақын жылдардың ішінде дүниежүзі жаһандық сынақ уақытына айна-

салалардың барлығы – мемле
ұлттық мемлекетіміздің тұғы
лектері. Олардың әрбірі – қаза
лекеттігінің әлемнің ең дамы
елінің қатарына кіру жолында
қымды да абыройлы қадамда
лып қалмақ. Жетістік – кеңе
ген жерде, бірлік пен тірлік ба
де ғана болады». Көрсеткенде

ТАЛАПКЕРГЕ КӨЗҚАРАС ӨЗГЕРМЕК

«Қоғаммен байланыс» (PR) мамандары да шығармашылық емтихан тапсыруы қаже

«Қоғаммен байланыс» мамандығына талапкерлерді қабылдаудың шарттары өзгермек. ҰБТ-дан география пәнін таңдайтын талапкер арнайы шығармашылық емтихан тапсыруы тиіс. Бұл туралы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультеті өткізген «Қазақстандағы PR-білім берудің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда айтылды.

Жалпы, PR ұғымы Қазақстанда 1991 жылдардан бастап пайда бола бастаған. Алғашында үгіт-насихат, ұран сөздері бірден қоғаммен байланыс терминдерімен алмастырылды және қоғаммен байланыс бизнес құрылымдарда емес әуелі мемлекеттік органдарда дамып, бастау алған болатын. Себебі, посткеңестік елдерде қоғаммен байланысты алғаш рет сайлау процесінде қолданды. Тіптен, бұл саланың мамандары болмағандықтан филологтар, журналистер, тарихшылар, философтар, саясаттанушылар, психологтар қоғаммен байланыс мәселесімен айналысты. «Тәжірибе көрсеткендей, география пәнін таңдаған талапкерлердің басым бөлігі мақсатты түрде географиялық, геологиялық бағыттағы мамандықтарды, туризмді, тағы басқа бағыттарды таңдауға бағдарланған. Сол үшін, оқуға түсу шарттарындағы география пәнінің болуы басқа мамандықты таңдауға мәжбүрлейді. PR-маманының кәсіби қасиеттері – коммуникативтілік, креативтілік, шығармашылық көзқарас, жазу қабілеті, шешендік өнер, идеяларды тәжірибе жүзінде жүзеге асыруы екендігі мәлім. Өкінішке қарай, ҰБТ-да географияны таңдаған талапкерлердің барлығы осы қасиеттерге ие деп айта алмаймын», – дейді, конференцияның ұйымдастырушы, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының меңгерушісі Назгүл Шыңғысова.

PR қазіргі заманғы бизнестің ең басты бөлігі болып саналады. Еуропаның өзінде жетекші PR агенттіктерінің бір жылғы кірісі жүздеген миллион долларды құраған. Қоғаммен байланыс АҚШ, Батыс Еуропа елдерінде тұрақты жұмыс үрдісі есептеледі. Ал, Қытайда қоғаммен байланыс курсы жүзден аса университеттің оқу бағдарламасына енген. «Қоғаммен байланыс» (PR - Public Relations) мамандығы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультетінен ашылған ең жас мамандық. Қазақстандағы қоғаммен байланыс негізінен үкіметтік PR, саяси PR, коммерциялық PR, PR туралы білім беру сынды салаларда дамып келеді. Сондықтанда, бұл салада қазақ тілді мамандарға деген сұраныс жоғары. Мәселен, бір Алматының өзінде елімізге беделді әрі танымал жобаларды жүзеге асырумен айналысатын жеті PR компаниясы бар. Бірақ оларда қызмет атқаратын қазақ тілді мамандардың қатары өте аз. Бұл олқылықтың орнын толтыруға біраз уақыт қажет екені анық.

Бүгінде PR мамандарын дайындауды қай мектепте, бизнесте ме, журналистика саласында дайындау керек пе деген даулы сұрақ бар. Бұл туралы Огайо (АҚШ) университетінің профессоры Эми Эдмендсон: «Менің көзқарасым бойынша қоғаммен байланыс журналистикада оқытылуы керек. Бірақ, бұл да Америкада өз шешімін таппаған даулы мәселе. Американдық еңбекпен қамту бюросының 2010-2020 жылдарға арналған жоспарында PR индустриясы 22 пайызға дейін дамиды деп болжанып отыр. Журналистік жобаларды зерттейтін ғылыми орталықтардың деректеріне сүйенсек, осыдан 35 жыл бұрын газеттерде жұмыс істеген журналистер саны, бүгінде жарты еседен де аз көрсеткішке дейін қысқарған. Бұл журналистер үшін де, қоғам үшін де қауіпті», – дейді. Ал саясаткер, журналист Әміржан Қосанов: «PR мамандығы, ең алдымен, шығармашылық мамандық. Және де жан-жақты біліктілікті (психология, маркетинг, әмбебап мамандандырылу және т.б.) қажет ететін PR саласы үшін базалық оқу орны – журналистика факультеті екені анық, журналистика – таза шығармашылық!», – дейді. Сондай-ақ, ол PR маманын дайындау қазіргі қоғамдық әлеуметтік, саяси, экономи-

калық жағдайға сәйкес болу
жет екендігін де айтады.

Конференцияға Журнали
ка факультетінің деканы Сағ
Медеубек, «Қазақ газеттері» Ж
бас директоры Жұмабек Кенжа
«Казкоммерцбанк», PR дирек
Қуат Домбай, Л.Гумилев атын
ЕҰУ, телерадиожурналистика
қоғаммен байланыс кафедрась
меңгерушісі Аязби Бейсенқ
Қазақстан және Орталық Азі
ғы «Советник» (Ресей) журналь
порталының өкілі Владимир Па
ко, Petroleum журналының бас р
торы Олег Червинский, «Тимбил
компаниясының» басшысы, профе
Павел Токарчук, PR-шы клубыны
шесі, Алматы Менеджмент уні
ситеті «Мемлекеттік және қоға
саясат» кафедрасының доценті Б
Тұрабекова, Республикалық «Иг
журналының бас редакторы Мер
Әйтенова, М.Дулати атындағы
раз мемлекеттік университетінің
оқытушысы Зәуреш Қойгелді
т.б. БАҚ өкілдері қатыстып өз
ларын ортаға салды.

Жиын соңында «Қоғамдық
ланыс» мамандығы Білім және
лым министрлігінің жоғары
орындарына Қабылдау ереже
осы мамандықты тандаған та
керлерді шығармашылық кон
арқылы қабылдау, сыныптамад
«Қоғамдық байланыс» деген ата
«Қоғаммен байланыс» деп өзге
мамандықтың мәртебесін көте
жағымды ой-пікір туғызу үшін
қаралық ақпарат құралдарында
саласына қатысты танымдық, та
лымдық, насихаттық мазмұнд
жарияланымдарды көбейту, PR
мандығы бойынша білім алып ж
қан студенттердің оқыту бағдар
маларын жүзеге асыруда жұмыс
рушілер ұсыныстарын ескеру,
мыс берушілер тарапынан PR
мандығын алған түлектерді жұм
қа орналастыру мүмкіндігі тура
Қарар қабылданды.

Жәнібек ҒАЛЬ